

"МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қыркүйек N 1170. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.10.13. N 1438 қаулысымен. ~P971438

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 2452 U952452_ Жарлығымен бекітілген "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының қызметін кедергісіз және тәуелсіз жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері туралы 1993 жылғы 24 желтоқсандағы Келісімнің шарттарын орындау және "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдарымен салық салу жөніндегі өзара қарым-қатынастарын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының қызметін кедергісіз және тәуелсіз жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері туралы Келісімнің 2-бабының 1-тармағына және 6-бабының 1-тармағына сәйкес "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясы және оның мүлкі тікелей салықтардың (сондай-ақ акциздер мен қосылған құнға салынатын салықтар) және Келісім бекітілген сәттен бастап коммуналдық және оларға көрсетілетін басқа да сол сияқты қызметтерді қоспағанда, төлемдердің барлық түрлерінен босатылды деп саналсын.

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының кеден алымдарынан босатылмайтынын және спирт, шарап-арақ бұйымдарының, сыра, темекі бұйымдары мен компанияның жарғылық мақсаттарында пайдалану үшін арналмаған басқа да акцизделетін тауарларды әкелу және әкету кезінде шектеулер қоюды ескерсін.

3. "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдарымен арасындағы тараптардың өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының аумағында "МИР" мемлекетаралық телерадиокомпаниясының қызметін кедергісіз және тәуелсіз жүзеге асырудың халықаралық-құқықтық кепілдіктері туралы Келісімде көзделген шарттармен реттеледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК